Автор әдебиет анализі мен өз тәжірибесі негізінде мұғалімдер білімін жетілдірудегі алыстан оқыту жүйесінің мүмкіншіліктерімен таныстырады.

The author introduces the possibilities of distant forms of training teachers based on literature review and her own experience.

Одна из задач системы образования в современном обществе – обеспечить каждому человеку свободный и открытый доступ к образованию на протяжении всей его жизни с учётом его интересов, способностей и потребностей. Эту задачу государство решает через систему школьного, вузовского образования, систему

На небесах разлиты необъятные потоки света
знаний, из которых любой человек может
черпать свою огромную долю.

Платон

повышения квалификации, включая как очные, так и заочные формы обучения. Сегодня дистанционное повышение квалификации педагогов становится всё более популярным, так как даёт возможность получить необходимые знания без отрыва от профессиональной деятельности. Перспективы дистанционной формы

повышения квалификации учителей имеют и экономические предпосылки. Затраты на проведение традиционных очных курсов, включающие расходы на содержание зданий, аудиторий, компьютерных классов выше затрат на организацию дистанционных курсов, так как работа учителей проходит в школьном классе или на домашнем компьютере.

Д и с т а н ц и о н н о е п о в ы ш е н и е квалификации педагогов представляет собой процесс организации обучения, основанный на применении современных технологий, позволяющих осуществлять обучение педагогов посредством занятий через Интернет. Следовательно, необходимым условием развития данной формы обучения является: 1) наличие компьютерной техники и средств телекоммуникационной связи; 2) достаточный уровень подготовки учителей в области информационных технологий.

Многу был проведен сравнительный анализ повышения квалификации традиционных очных курсов повышения квалификации и дистанционных курсов, который показал существенные преимущества дистанционной формы обучения, которые состоят в возможности заниматься по индивидуальному графику, планируя своё время на обучение; открытости; доступности; непривязанности к конкретному месту обучения. Важным отличием дистанционного курса является то, что при дистанционной форме обучения от слушателя требуется значительно большая самостоятельность, ответственность, организованность. Учитель должен проявлять активность. Конечно, школьные учителя в массе своей достаточно мотивированы и дисциплинированы, но иногда проще доехать до места проведения обычных курсов под руководством преподавателя, чем заставить себя организовать регулярные занятия: подготовить рабочее место, поставить себе учебную задачу, выполнить намеченные упражнения, самостоятельно разобраться с возникающими трудностями. Дистанционное обучение требует от слушателя достаточно серьёзного напряжения сил, так как выполнение заданий предполагают активную творческую, поисковую деятельность.

Задания дистанционных курсов включают теоретическую и практическую часть. Смысл теоретической части – дать опору, основу, базу для построения

собственного видения решения проблемы участником курса. Разбудить творческие, креативные силы учителя – задача практической части. В построении дистанционных курсов находят своё отражение принципы эвристического обучения – личностного целеполагания, продуктивности обучения и образовательной рефлексии. В начале занятий слушатель формулирует цели своего участия в курсе. И это не формальные цели, а прочувствованные и осознанные. В конце обучения – анализ достижения поставленных целей. В ходе обучения участники курса создают личностно-значимую образовательную продукцию – формулируют определения, создают классификации, придумывают задания. Важной составляющей процесса обучения является открытая публикация выполненных работ. Так как задания открытые и двух одинаковых ответов на них быть не может, тем интереснее узнать, как одно и то же задание выполнили твои сокурсники. Участники могут высказать свои мысли и мнения по поводу работ коллег. Это не только знакомство с другой точкой зрения и творчеством коллег, что, несомненно, тоже очень полезно, но и возможность понять, что ты не одинок в своих мыслях, сомнениях, трудностях и способах их преодоления. Это то, что объединяет людей и позволяет включить в процесс обучения эмоции, чувства, откровенность.

Таким образом, привлекательность дистанционных курсов повышения квалификации состоит в их открытости; доступности; ориентации на конкретного потребителя образовательных услуг; возможности выстраивания индивидуальной образовательной траектории освоения содержания курса; развитию творческой самостоятельности и исследовательской активности, а также публикации продуктов собственной образовательной деятельности.

Литература:

1. Завьялова О.А. Методы дистанционного обучения педагогов // Интернет-журнал «Эйдос», 2006.
2. Хуторской А.В. Дистанционное обучение и его технологии // Компьютерра. – 2002. – №36.
3. Полат Е.С., Моисеева М.В., Петров А.Е. Педагогические технологии дистанционного обучения. – М. «Академия», 2006.

4. Полат Е.С. Теория и практика дистанционного обучения. – М., 2004.



Қазақ тілін оқыту үрдісінде сатылай кешенді талдау технологиясын қолдану

Есенбердина Р.Н.

№13 орта мектептің қазақ
тілі және әдебиет пәнінің
мұғалімі

В статье описана технология поэтапного, комплексного анализа, применяемого на уроках казахского языка. Рассмотрены дидактические принципы и эффективность технологии, представлен пример анализа.

The article describes the technology of phased, complex analysis used in teaching the Kazakh language. Didactic principles and effectiveness of the technology are considered, an example of the analysis is given.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» атты халыққа жолдауында «Біз бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек» – деп сапалы білім мен нәтижелі тәрбие беруге жол нұсқап, жаңа міндеттерді айқындап берді [1, б.3].

Біздің аяқ басқан ХХІ ғасырымыз өркениет дамуының кезеңі. Адамзат дамуының жаңа кезеңінде жаңа білім беру жүйесі, жаңа оқыту жүйесі және білім беру үлгісі сай келуі тиіс. Бүгінгі ақпараттық технологияның өмірімізге қарқындап енген шағында оқушының қызығушылығын туғыза отырып, білімнің де сапасын арттыра түсуге мол мүмкіншіліктер жасалып отыр.

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында: «Әр баланың жеке қабілетіне қарай, дамуына көңіл бөлу, жеке тұлғаның дарындылығын дамыту қажет», – делінген [2, б.7]. Расында да өмірдің өзі талап етіп отырғандай бүгінгі заманда ұстаздар қауымы тек сапалы білім беріп қана қоймай, жан-жақты ізденіп, шығармашылықпен айналысатын дарынды тұлға тәрбиелеуді

ұстаным етуде. Оқушыларға жаңа сапалы білім беруге, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеуге дәстүрлі технологияның деңгейі жетіспейді. Сол үшін оның орнына жаңа педагогикалық технологиялар қолданылуда. Оқушы білімді сапалы, жүйелі қабылдауы үшін ұстаздар оқу тәрбие үрдісінде әр оқушыны жеке тұлға ретінде қарауы керек. Оқушыларға қазақ тілі ғылымының мазмұны мен жүйесін, сөйлеу тілінің байлығы мен әдеби нормасын үйрете отырып, шығармашылықпен жұмыс істеуге баулу – бүгінгі өмірдің басты талабы. Мұны жүзеге асырудың бірден-бір жолы өз тәжірибемде қолданып жүрген қазақ тілі пәнінің мазмұнына, ұлттық ерекшелігіміздің табиғатына жақын педагогика ғылымының кандидаты, доцент Нұрша Оразахынованың «Сатылай кешенді талдау технологиясы».

Сабақтарымда қолданып жүрген, сатылай кешенді талдау технологиясы оқушыларды нақтылыққа, ізденімпаздыққа үйрете отырып, тілдік материалды терең ғылыми негізде меңгеруіне көмектеседі. Ал сатылай кешенді талдауларды жүйелі қолданудың тиімділігі мынада:

- оқушылардың ойлау, сөйлеу қабілеттері артады

- өз бетімен жұмыс істеуге дағдыланады

-жауапкершілігі артады, шығармашылығы қалыптасады

-жүйелі оқыту принциптері арқылы оқушы өзін-өзі дамытып, білім деңгейін арттырады

-фонетика, лексика, морфология, синтаксис тарауларын толық меңгереді.

Тілдік материалды сатылай кешенді талдауды меңгерту технологиясында төмендегідей дидактикалық ұстанымдар басшылыққа алынады.

1. Ғылымилық

2. Жүйелілік

3. Бірізділік

4. Түсініктілік

5. Табиғилық

6. Беріктілік

7. Көрнекілік

8. Оқушылардың жас ерекшеліктері

9. Сапалық пен бейімділік

10. Теорияның практикамен байланыстылығы.

Осындай ұстанымдар арқылы жан-жақты,

терең білім алған оқушы бойында мынандай іскерлік дағды қалыптасады.

анықтаманы құр жаттандылықтан арылтып, практикалық тұрғыдан талдап, ережені сөйлесім әрекетімен баяндауға баулу;

теориялық материалдарды дағды арқылы оқушы санасына ғылыми негізде ұзақ мерзімге тұрақтандыру;

меңгерілген теориялық материалдарды жүйелі түрде баяндап, тілдік талдауды сызба арқылы жазбаша және ауызша жасап отыру;

сатылай кешенді талдау бойынша тіл білімі салаларының өзара байланысын практикалық жұмыстар арқылы жете танып білу;

тіл білімі салаларының әрқайсысының зерттеу объектісін дұрыс ажыратып, өзіндік ерекшеліктеріне талдау арқылы көз жеткізуге үйрету;

өз бетімен білім алуға, ойлауға, әр түрлі мәселелерге үңіле қарауға, оны өз бетімен шешу жолдарын табуға, өзіндік даму жолын анықтауға бағыт-бағдар беру.

Осы айтылған пікірлердің нақтылығын дәлелдеу үшін талдау үлгілері беріледі.

Дара бастауыштарды сатылай комплексті талдау

д.з.е. 22 д.з.е. 24 д.з.е. Ø дет. 43

Үй/дің берекесі/н ұрыс үркіте/ді.

Мақал

I. Синтаксистік талдау:

I.1. (.)

I.2. Хабарлы сөйлем (баян)

I.3. Жай сөйлем

I.4. а) Жайылма;

ә) Толымды;

б) Жақты

I.5. Сөйлем мүшелеріне талдау


I.6. Байланысу түрлері:

Ұрыс үркітеді – I (43) – қнысу;

берекесін үркітеді – II (24;43) – меңгеру;

үйдің берекесі – III (22;33) – матасу.

I.7. Сөз тіркестері:



Міне осылай өткізілген талдаулар оқушылардың фонетика, лексика, морфология, синтаксис тарауларын толық меңгеруіне негіз болады. Оқушы талдауды жақсы меңгерген жағдайда әр тарауға не жататынын, олардың құрамын, мағынасын, жасалу жолын, лексикалық, грамматикалық мағыналарын ажыратып, жіберетін қателері азаяды.

Тілдік материалдарды сатылай кешенді талдауды меңгерту – тек қана білімді белгілі бір көлемде беріп, қажетті шеберлікпен дағдыны қалыптастырумен ғана шектелмейтін, оқушының тұлғалық дамуына, ойлау, есте сақтау, қиялдау, елестету, танымдық-психикалық қасиеттерінің жан-жақты дамуына бағытталатын оқытудың түрі. Сондай-ақ оқушылардың грамматикалық материалдарды терең меңгеруіне, практикада дұрыс қолдану дағдыларын да қалыптастырады.

Қорыта келгенде айтарымыз, білім – қоғамда тұрақтандыратын рухани мұраны сақтайтын, ұрпақтан-ұрпаққа

сабақтастыратын құрал. Сондықтан да қолдағы бар мүмкіндікті пайдаланып оқытудың жаңа тәсілдерін қолдана білу, жаңа технологияларды бүгінгі күн талабына сай бейімдеу, оқушыларға білім беру мен қатар олардың бойында ізгілік қасиеттерін қалыптастыру, оқушылардың білім деңгейін әдемдік стандартқа сай болуына лайық жұмыс істеу, білімді жалаң жүргізбей ғылыми түрде меңгертіп, оқушыларымызды білімді де тәрбиелі тұлға ретінде қалыптастыру бүгінгі күннің басты талабы.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 15 наурыз 2007 жыл.
2. Білім туралы Қазақстан Республикасының Заңы 3 бап. Алматы, 2006 жыл.
3. Кабенбаева Б. Қазақ тілінен методикалық нұсқау. Алматы, 1993 жыл, 170 б.
4. Н.А. Оразахынова. Сатылай кешенді талдау. Алматы, 2003 жыл.





Мектептің оқу–тәрбие жұмысын бақылау – сапалы білім алудың көзі

Есенбердин Б.Т.

Өскемен қаласындағы №13 орта мектептің директоры

В статье дается анализ процессу наблюдения за учебно-воспитательной деятельностью школы. Описываются принципы, направления, виды и формы наблюдения.

The article presents the analysis of the process of monitoring the teaching and educational activities of schools. Describes the principles, directions, types and forms of surveillance.

Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан үшін ең негізгі басымдықтың бірі – білім. Білім-ғылымның іргетасы, мемлекет дамуының алтын арқауы. Білім мен ғылымның сапалы болып, саналы ұрпақ тәрбиелеуде ұстаздар қауымының орны ерекше. «Ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогикадан, методикадан хабардар, оқыта беретін ұстаз», - деген А.Байтұрсыновтың пікірінде мұғалімдерге қойылатын басты талаптар анық көрсетілген. Мемлекет басшысы биылғы халыққа Жолдауында ХХІ ғасырдың алғашқы он жылдығындағы әлеуметтік-экономикалық белестерімізге қорытынды жасап, 2020 жылға дейінгі дамуымыздың бағдарын айқындап бергенде де білімге көп назар аударды. Білім жүйесіндегі ең маңызды буын-орта білім. Біле білсек, орта мектеп-интеллектуалды ұлтты қалыптасытырудың негізі. Біріншіден, бұл буын қоғамның барлық мүшесіне қатысы бар. Сондықтан, бұған әрбір отбасы алаңдап толғанады. Екіншіден, жалпы білім бастауын мектептен алады, ол –оның қайнар көзі десек те болады. Сондықтан, мектеп неғұрлым таза, серпінді, шығармашыл, толыққанды болса, ол келіп құятын білім айдыны да сондай дәрежеден танылады. Нәтижесінде отбасы, қоғам, өмір жақсарып, сапалық көрсеткіштер жоғарылайды.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан-2030» жолдауында: «Оқушыларды қазақстандық патриотизм мен шығармашылық жағынан дамыған жеке

тұлға ретінде тәрбиелеу аса қажет...Ұлттық мінез-құлық, биік талғампаздық, тәкәппарлық, тектілік, білімділік, биік талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыруымыз керек», - дегені мәлім. Елбасының осы алға қойған зор міндеттерін іске асырушылар-әріне ұстаздар. Олай болса келер ұрпаққа сапалы білім мен салауатты тәрбие беру - ең алдымен, ұстаздар жұмысының жемісі. Оған жүйелі түрде бақылау жүргізу - мектеп әкімшілігінің ең басты міндеті.

Мектепшілік бақылау дегеніміз-мектеп әкімшілігінің саналы түрде бағытталған жұмысы, ол-басқару бағдарламасындағы кемшілікті анықтау.

Мектепшілік бақылаудың принциптері:

- Ғылымилық;
- Жоспарлылық;
- Негізгіні бөліп көрсету;
- Ақтуалділік;
- Жариялылық.

Мектепшілік бақылаудың негізгі бағыттары төмендегідей:

I. Оқу-тәрбие үрдісі:

1. Оқу пәндерінің оқытылу барысын бақылау.
2. Білім–білік-дағдысын бақылау.
3. Сыныптан тыс тәрбие жұмысын бақылау.
4. Сыныптан тыс жұмыстарды бақылау.

II. Педагогикалық кадрлар:

1. Нормативті құжаттардың орындалуын

бақылау.

2. Педагогикалық кеңес шешімінің орындалуын бақылау.

3. Ғылыми-әдістемелік бірлестіктің, өндірістік кеңестің ұсыныстарының орындалуын бақылау.

4. Әдістемелік бірлестіктердің жұмысын бақылау.

5. Мұғалімдердің біліктілігін көтеруін бақылау.

6. Мұғалімдердің өздік білімін жетілдіруін бақылау.

III. Оқу-материалдық базасы:

1. Техникалық оқу құралдарын, көрнекілік құралдарын пайдалану, сақтау және есепке алу.

2. Кабиенеттік жүйенің дамуын бақылау.

3. Сыныптан тыс тәрбие жұмысын жүргізу үшін оқу-материалдық базасын, мектеп құжаттары мен іс-қағаздарының жүргізілуін бақылау.

4. Оқу-тәрбие үрдісінің жұмысын бақылау.

IV. Мектепшілік бақылаудың әдістері төмендегідей:

Сабаққа және сабақтан тыс шараларға қатысқанда мұғалім мен оқушылар арасындағы байланысты бақылау әдістері.

Сауалнама жүргізу.

Әкімшілік бақылау.

Оқушылармен, мұғалімдермен және ата-аналарымен жекелей әңгіме өткізу әдістері

V. Бақылаудың кезеңдері:

Мақсат қою.

Бақылау объектісін таңдап алу.

Бақылауды жоспарлау.

Бақылау субъектісін анықтау.

Ақпаратты жинау және талдау.

Бақылаудың қорытындысын жасау, ұсыныстар жасау.

VI. Бақылаудың түрлері мен формасы.

Тақырыптық (жеке, сыныптық, қорытынды, ескертпе, кезекті, жалпы қорытынды) сабақты талдау жасалынады немесе анықтама жазылады.

Фронтальді (жалпы) бақылау (бір немесе топ мұғалімнің жұмысын жан-жақты терең тексеру). Тексеру мерзімі-жыл бойына бір рет.

VII. Сыныптық қорытынды бақылау.

Бақылаудың негізі.

Қандай да бір сыныпты бақылауға алудың ең негізгі сипаты-сол сынып оқушыларының білім сапасының, білім деңгейінің төмендігі және сыныптағы психологиялық қарым-қатынас, сонымен қатар оған мұғалімдердің

білім беру сапасы, сыныппен жұмысы, сынып жетекшісі мен ата-аналардың жұмысы әсер етеді.

Өткен жылғы мектеп жұмысының талдауына мынандай ақпарат болуы қажет. Барлық сыныптар оқушылардың білім сапасына қарай үш топқа бөлінеді. Ол үшін оқушылардың орта білім сапасы алынады.

Ең төменгі білім сапасын көрсеткен сыныпты міндетті түрде сыныптық қорытынды бақылауға алған жөн.

Ең жоғарғы сапа көрсеткішін көрсеткен сыныпты да сыныптық қорытынды бақылауға алуға болады, бірақ оның мақсаты өзгеше болады.

1. Бақылау мақсатын құру.

Сыныптың төмен көрсеткіш көрсету себебін анықтау және оны жою жолдары немесе жоғары көрсеткіші бар сыныпта жұмыс істейтін мұғалімдердің, сынып жетекшісінің тәжірибесімен таныстыру.

1. Алдын-ала ақпарат жинау.

- Келесі оқу жылында оқыту жайлы (сынып жетекшісі жасайды)

- Оқушылардың 1-2 пәннен «3» немесе «2» алған пәндері (сынып жетекшісі жасайды)

- Оқушылардың сабаққа қатысуы (сынып жетекшісі жасайды)

- Оқушыларға сауалнама жүргізу, кіші педкеңес жүргізу арқылы сабаққа қатысу тәртібі (тексеруші жасайды).

2. Бақылау жүйесі бақылау объектісінен, бақылау сұрақтары мен әдістерінен тұрады.

Бақылау объектісіне жататындар: жеке бақылау, сынып жетекшісінің жұмысы, оқушылардың сабағы мен сыныптағы психологиялық қарым-қатынас.

Бақылауға психолог, директордың оқу ісінің орынбасары, тәрбие жөніндегі орынбасары, пән бірлестіктерінің жетекшілері мен мұғалімдері қатысуы қажет.

3. Бақылаудың нәтижелері

Жалпы қорытынды бойынша сыныптағы үлгерім сапасының төмен болуы мынаған байланысты:

- мұғалімге;

- оқушыға;

- сынып жетекшісіне;

- ата-атаға.

4. Бақылау қорытындысын талқылау

- кіші педкеңесте;

- сынып жиналысында;

- ата-аналар жиналысында;

- оқушылармен, сынып жетекшісімен, ата-аналармен жеке әңгімелесу

- арқылы жүргізіледі (қажет болған жағдайда).

VIII. Фронтальді (жалпы) бақылау.

1. Бақылау негіздері

- жалпы мектеп бойынша белгілі бір пәннен білім сапасының төмен болуы (өткен оқу жылының сараптамасы бойынша);

- жаңа енгізілген пәнді апробациялау (сынақтан өткізу);

- қандай да бір пәннің оқытылу жағдайын жоспарлы түрде қорытындылау.

2. Мақсатын құрастыру.

3. Тексерудің жүйесі объектіден, сұрақтар мен бақылауды орындаушылардан тұрады.

4. Бақылау нәтижелері бойынша жалпы қорытынды.

- пәннің оқытылу барысының мақсатқа сәйкестілігі;

- пәнді оқытуға қойылатын жалпы әдістемелік талаптар;

- пән бағдарламасына енгізуге қажетті түзетулер;

- курс бағдарламасын ғылыми қызметкерлердің талдауына даярлау (әдіскерлер, психологтар).

Сонымен, қорыта айтқанда, оқу үрдісі жоғарыда көрсетілген жүйемен бақыланып,

оған күнделікті кеңес беріліп, түзетудің нақты орындау жолдары белгіленіп, оның орындалуы қатаң тексеріліп отырса, онда мектептерде оны басқарып отырған басшыларға, мұғалімдердің өздерінің кәсіби шеберлігін арттыруға нақты ғылыми-әдістемелік көмек бергені үшін қабілеттері арта түседі. Мектеп басшыларының беделі көтеріледі. Жұмыс сапасы артады. Міне, осындай жүргізілген бақылаулар ұстаздардың кәсіби шеберлігін арттырып, еңбекте тек қана жеңістерге жетелейді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мектептегі ғылыми-әдістемелік жұмыс. Алматы, 2003ж.

2. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. Алматы. Ғылым. 1998ж.

3. «Жаңа он жылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2010ж.

4. Әбілдина С. Білім беруді дамытудағы бағдарламалық құжаттардың этномәдени бағыттылығы. Астана, 2008ж.



Қазіргі заман мұғалімі

Бексолманова Т.Ж.

«№6 мектеп – балабақша кешені»
бастауыш сынып мұғалімі

В статье описывается характеристика личности учителя нового времени. Рассматриваются пути повышения его профессионализма и мастерства.

The article presents the characteristic of teacher's personality of present days. The ways to increase teacher's professionalism and mastership are discussed.

Мектеп мұғалімі – ерекше тұлға. Өйткені

ол – балалар мен үлкендер әлемінің

арасындағы сарапшы. Сондай-ақ, ол баланың психикалық құндылықтарын жетік біле отырып, білім береді, оны адам болуға үйретеді. Ең білгір, оң жауапты, ең негізгі болып табылатын сол мұғалімге отбасы мен қоғам ең қымбаттысын, өз елінің азаматтарының тағдырын, оның болашағын табыс етеді. Мұғалімдік қызмет әрбір оқушының, жеткіншек ұрпақтың, қоғам мен мемлекеттің тағдыры үшін жауап беретіндігімен сипатталады. Бүгінгі мұғалім еңбегінің нәтижелері қандай болса, біздің ертеңгі қоғамымыз сондай болмақ.

Жақсы мұғалім – бұл қай кезде де ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға. Ол оқытудың жаңа технологияларын өмірге ендіруге дайын, оқу-тәрбие ісіне шынайы жанашырлық танытатын қоғамның ең озық бөлігінің бірі деп есептелінеді, және солай болуы тиіс.

Мектеп мұғалімінің инновациялық іс әрекетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: инновация туралы білімі; инновацияны жан-жақты меңгеруі; инновациялық іс-әрекет диагностикасын меңгеру; инновацияны тәжірбиеге ендіру жұмыстары; практикада дұрыс қолдану.

Қазіргі/жаңашыл/ мұғалім қоғамдағы болып жатқан, тез өзгеріп тұратын әлеуметтік-экономикалық, педагогикалық, ғылыми өзгерістерге тез төселгіш, жаңаша ойлау жүйесін меңгерген, жеке шығармашылық кәсіби түрде оқушылармен тез ортақ тіл таба алатын педагогикалық үрдісте жүйелі бағыттармен жұмыс істей алатын болуы керек.

Қазіргі таңдағы мұғалім оқушы үшін «дайын» білім көзі ғана болмай, керісінше оқушылардың танымдық іс-әрекетінің ұйымдастырушысы және үйлестірушісі бола білуі қажет. Ол үшін мұғалім өз бетімен білімін жетілдіре алатын, шығармашылық, сыни ойлауы қалыптасқан, қалыптан тыс кәсіби міндеттерін шешуде жаңаша жол табуға дағдыланған маман болуы керек. Мұғалім қазіргі қоғам талаптарын ескеріп, өзінің алдына педагогикалық міндеттерді қоя және шеше білетін, оқыту мен тәрбиенің озық технологияларын меңгерген, білім беру процесін басқара алатын тәжірбиеде педагогикалық ситуацияларды оқушы тұлғасының дамуына бағыштап жобалай алатын бәсекеге қабілетті, шығармашыл тұлға болуы қажет.

Балаға ата-анадан кейінгі ақыл-ой, адамгершілік, этикалық, сана-сезімдік дене

тәрбиесі мен ұлттық тәрбиені сіңіруші адам – мұғалім. Сондықтан да елімізде жүріп жатқан өзгерістердің мәнін әділ пайымдау мұғалімдерге үлкен жауапкершіліктер жүктейді. Мұғалімге қойылатын талап өте үлкен. Оның киім киісі, сөйлеу мәнері, жүріс-тұрысы, тіпті шаш қойысы сияқты жеке басындағы әдеттері былайғы жұрттың қатаң назарында болары сөзсіз. Көп мамандықтардың ішінде, имиджге аса қатты мән берілетін сала да осы мұғалімдік. Қызметтегі жауапкершіліктің үлесіне шығуы табанды төзімділікті, қаншама қажыр қайрат, орасан зор адамгершілікті қажет етеді. Оқушылардың балғын жасына сай ой-өрісі, қиял әлемі әр қилы болғандықтан әр заттың сыртқы пішініне қарап баға беретінін ұмытпайық. Мектеп қоғамның тірегі болса, мұғалім – мектептің жүрегі. Ал жүректің соғуы баяулады дегенше, тірек те тұралады дей беріңіз. Ендеше, мұғалімнің қоғамдағы орны, қадір-қасиеті еш төмендеген емес. Қазіргі заман мұғалімі өз пәнінен білімді болып қана қоймай, тарихи танымы мол, саяси-экономикалық және педагогикалық-психологиялық жағынан сауатты болуы керек. Ұлттық қасиеттеріміздің асылдарын асқақтата отырып, жанына нұр құятын ұстазды ғана бүгінгі күннің лайықты тұлғасы дей аламыз.

Мұғалімнің әрбір іс-әрекеті жақсылыққа жетелейді. Жақсы ұстаздан дәріс алған кез-келген шәкірт өмірден өз орнын тауып, ұстаздарына деген шексіз алғысын білдіріп жатады.

Мектеп мұғалімінің еңбегін өзінің еңбегі бойынша өзге еңбекпен салыстыруға болмайды, өйткені ол еңбектің нәтижесі – адам.

Мұғалімдері қандай болса, қоғамы да сондай деген бұлжымас заңдылық ерте уақыттардың өзінде-ақ белгілі болды. Адамзат өркениетінің даму тарихында жақсы мектебі мен мұғалімдері бар мемлекеттер ғана алға озып шыққан. Мұғалімнің рөлін төмендету қашанда болмасын мемлекетті аздырып, әдет ғұрыптарды нашарлататын қынжыларлық жағдайлармен аяқталып отырған. Мұғалім мамандығында тұлғалық сапалар кәсіби сапалардан ажыратылмайды. Кәсіби сапалар арнайы білімдер, біліктер, ойлау жолдарын, әрекет әдістерін игерумен байланысты.

Өзінің кәсіби еңбегіне сүйіспеншілік, өз ісіне адалдық пен аямай берілгендік, тәрбие нәтижелеріне қол жеткізгенге қуану, өзінің педагогикалық мамандығын ұдайы арттырып отыратын талап қоюшылық деп санаймыз.

Өзге мамандықтарға дәл осы мұғалімдік секілді соншалықты жоғары талаптар қойылмайды.

Педагогикалық шеберлікті құрайтындар аз емес. Ол ең алдымен оқу процесін барлық, тіпті жағымсыз жағдайлардың өзінде қажетті деңгейдегі тәрбиелік даму және білімге қол жеткізуге болатындай етіп, ұйымдастыру

біліктілігінен көрінеді.

Мұғалімнің шеберлігі, әсіресе, сабақтарды үйрете білуден байқалады.

Шеберліктің тағы бір маңызды көрсеткіші – ол оқушылардың белсенділігін арттыра алуы, олардың қабілеттерін, өз бетімен жұмыс істеуін, білуге құштарлығын дамытуы, балаларды сабақта ойлануға мәжбүр ете білуі.

Мұғалімнің кәсіби шеберліктерін шындау және жетілдіру жолдарын келесі схемадан көруге болады (Схема 1):



Схема 1. Мұғалімнің кәсіби шеберліктерін шындау және жетілдіру жолдары

Қазіргі мектеп мұғалімі қоғам талаптарын ескеріп, өзінің алдына педагогикалық міндеттерді қоя білетін, тәжірбиеде педагогикалық ситуацияларды оқушы тұлғасының дамуына бағыштап жобалай және асыра алатын бәсекеге қабілетті, шығармашыл тұлға болуы қажет.

Жас ұрпақты оқыту мен дамыту өзара өте тығыз байланыста екенін білеміз, тіпті оларды тең деп те атайды. Яғни, ең алғаш рет бала дамуының екі аймағы болатындығының теориясын еске түсірсек:

1. Бала дамуының жақын аймағы – баланың тек үлкендердің көмегі арқылы атқарылатын істері.

2. Бала дамуының қол жеткен аймағы – баланың үлкендердің көмегінсіз істей алатын істері.

Баланың дамуы бірінші аймақты меңгеру арқылы жүзеге асады. Баланың екінші аймағы бірінші аймақпен қызметтесе

отырып, оны игерген кезде дамуға өрісі ашылады, бұдан әрі қалыптасуы, адамның белсенді қызметті өрістетуі мүмкін болады. Оған қол жеткізу мұғалімнің шығармашылығында.

Қазіргі таңда білім беру жүйесін әр түрлі бағытта жүргізу зор қарқын алуда. Мұны іске асырудағы арнайы жолдың бірі – оқу сапасын арттыратын және оның жоғарғы нәтижеге қол жеткізуін қамтамасыз ететін танымдық қызметтің арнайы формаларын пайдалану.

Бүгінгі шәкірт – ертеңгі маман. Ендеше, қоғам талабына сәйкес мұғалімнің негізгі мақсаты – оқушының білім сапасын көтеру. Ол үшін мұғалімнің алдында сабақ сапасын көтеру түрін жетілдіру, оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттыру, қабілетін дамыту міндеттері тұр. Демек, мұғалім бір ғана әдіспен шектелмей, шығармашылығын шыңдап, озық іс-тәжірбиелерді пайдалана білуі шарт.


Әлемдік білім кеңестігіне бет алған және еліміздің Болон конвенциясы мен Лиссабон Декларациясына қол қойған сәтте, дәстүрлі оқу әдістері мен жаңа инновациялық оқыту технологияларын шебер пайдалана білу қажет. Әрине алғаш жаңалыққа адамдардың қарсылық тудыруы, дәстүрлі әдістен бас тартпауды талап етуі даусыз. Бірақ дамыған елге сапалы маман, саналы азамат қажет. Заман легіне ілесе отырып, өркениет көшінен басты орын алу үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып және дәстүрлі әдістердің озық элементтерін жетілдіре келе, біздер сапалы білім беруге неғұрлым талпыныс

жасауға ұмтылуымыз міндетті парыз болып саналады. Өйткені, жаңа технология өзінің жаңа жемісін бермек.

Олай болса, жаңа технологияның әдіс-тәсілдерін пайдалану білім сапасын арттырудың бірден-бір жолы. Оқыту үрдісінде оқушылардың білім қорын молайтуға, белсенділігін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге көмегі бар.

Сөзімнің соңында қазіргі заман мұғалімінің моделін мына сызба арқылы ұсынамын (Сызба 1):

Жаңа формация мұғалімі



Сызба 1. Қазіргі заман мұғалімінің моделі



Орыс мектебінде
қазақ әдебиетін оқыту

Уксанова Г.С.

Өскемен қаласының № 39 орта мектебінің
қазақ тілі мен қазақ әдебиеті мұғалімі

Статья посвящена важному вопросу воспитания будущего поколения на уроках казахской литературы. Автор рассматривает цели и задачи предмета и делится своим опытом.

The article is dedicated to the problem of upbringing young generation on the lessons of Kazakh literature. Author considers aims and objectives of the subject and shares her experience.

Еліміз өз тәуелсіздігіне қол жеткізіп, саяси әлеуметтік және экономикалық дамудың жаңа кезеңіне қадам басқан уақытта терең білімді, сауатты ұрпақ тәрбиелеу – негізгі міндеттердің бірі. Ал осы жас өскінді тәрбиелеуде елеулі орын алып, жастар жүрегіне ізгілік пен парасаттылық, адамгершіліктің дәнін себуші алып күш – ұстаздың еңбегі. Бүкіл мемлекеттің, тұтас ұлттың болашағы – ұстаздың қолында, оның асыл жүрегінде.

Қазіргі таңда оқушының білім алумен қатар тәрбие алу мәселесі көкейкесті мәселелердің бірі. Тек білім беріп қоймай, болашақта жан-жақты, білімді, мәдениетті, әдепті азаматтарды тәрбиелеу – әр мұғалімнің басты мақсаты. Бұл мәселе мектептерде, әсіресе, әдебиет сабағында көтеріледі, өйткені оқу пәндері ішінен баланың жан дүниесіне, жүрегіне бойлай еніп, оның рухани өрісін болжайтын пән – әдебиет пәні. Әдебиет – оқушымен нағыз қарым-қатынас пәні, ұстаз бен шәкірт достығының, ынтымақтастығының пәні.

«Қазақ әдебиеті» пәнінен берілетін әдеби білім қазақ тілінде еркін, таза сөйлей алатын мәдениетті дара тұлғаның қалыптасуы мен дамуына қызмет ете отырып, оқушылардың тілді меңгеруіне лайық құрылуды көздейді. Берілетін көркем туындылар әр сыныптағы оқушының жас ерекшелігіне, психологиялық даму қабілетіне сәйкес ықшамдалып, тіл үйренуге бейімделіп алынған шығармалар тізбегін құрайды.

«Көркем әдебиет – оқушыға беймәлім өмірді танытатын қуатты құрал. Адамға тәрбие беруші әуелі ата-ана, сонан соң ұстаз, мектеп, тұрмысындағы төңірек. Өнер, ғылым жоқ жұртта адам тәрбиені төңірегінен алады. Өнер, ғылым бар жұртта адамдар тәрбиені ата-анадан да, төңірегінен де, мектептен де және әдебиеттен де алады», - деп айтқан Ахмет Байтұрсынұлының сөздері еске түседі. Шынымен, әдебиеттің қуатты құрал екені даусыз.

«Әдебиет мектеп ішіндегі ақыл, сезім тәрбиелеп, қалыптасып жетілуден басқа оқушыға қазақ деген елдің өткендегісі мен бүгіндегі пішінін танытуға керек», - деді Мұхтар Әуезов

Ақылдықтың басты белгісі дұрыс сөйлеу білу. Сөйлеу мәдениетіне жетілмейінше ақыл-ой мәдениетіне жетілу қиын.

Қазақ халқының ұлттық сипатын, тілін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрыптарын сақтай

отырып, оның жаһандану толқынынына жұтылып кетпеуі үшін күресетін ұлттық патриоттарды тәрбиелеу барысында әдебиеттің маңызы өте зор.

Орыс тілінде оқытатын мектептерде қазақ әдебиетін оқи отырып, оқушылар қазақ халқының әдеби, мәдени, тарихи көркем туындыларымен танысу арқылы тілдік ортаны кеңейтеді.

Әдебиет сабағында әдеби шығарма бойынша пікірталас туындап, оқушы келіспейтін жерін түзеп, ұстазының, тіпті, кейде автордың шешіміне қарсылығын айтып жатса, бұл – зор табыс. Әдеби айтыста, пікірталаста оқушының ойы шыңдалады, тілі дамиды, дүниетанымы қалыптасады. Қазақ әдебиеті ауызша ғана айтылып, ауызша таралған шығармаларға да, бір кездері бүкіл дүниеге танылған Отырардай бай кітапханасы, М.Қашғаридай, Ж.Баласағұндай, А.Яссауидей ұлы перзенттері, көркем сөз өкілдері болған

жазба мұраларға да табан тіреп, солардың нәрімен құнарланған үлкен әлем екеніне көз жеткізулеріне тәрбиеленеді.

«Қазақ әдебиеті» пәнінің басты мақсаты – қазақ әдебиеті туралы ұғым қалыптастырып, түсініктерін байытып, көркем шығармаларды оқу негізінде ауызша және жазбаша тілдерін дамыту. Шығарма талдау барысында оқушының ақыл-ойы, сезімі, қиялы, танымы, сөз байлығы, өз пікірін жеткізе білуі байқалады.

Қазақ әдебиеті сабағында сөйлеу мәдениетінің әсерлі болуы үшін сабақты теориялық-практикалық жақтан үйрету әдістеріне байланыстырып өту, түсінікті сөздерді үйрету, ауызша, жазбаша түсіндіру, ауызша мазмұндай, мәнерлеп оқу, талдау, шығарма жаздыру, көшіру, т.б. көңілді көбірек бөлгеніміз жөн. Ол үшін оқытудың жаңа әдістерін пайдалану арқылы мұғалім оқушының белсенділігін, шығармашылық ізденісін, пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Әдебиет пәнінің мақсаты:

Білімділік мақсаты: әдебиеттің адамзат қауымы ғасырлар бойы жасаған өнердің бір түрі екендігі туралы және сөз өнері туралы мағлұмат беру.

Дамытушылық мақсаты: өз пікірі, эстетикалық талғамы бар сауатты, мәдениетті оқушы дайындау.

Тәрбиелік мақсаты: эстетикалық сездерім, талғамдарын тәрбиелеу, адамгершілік,

имандылыққа, адамға тән барлық қасиеттерге баулу.

Осы мақсатқа жету барысында мына міндеттерді шешу көзделеді:

- Қазақ әдебиеті шығармаларын оқыту арқылы мектеп қабырғасында қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;

- Оқушылардың қазақ халқының ауыз әдебиетімен, қазақтың бай классикалық әдеби құндылықтармен түпнұсқада таныстыру;

- Көркем әдебиетті оқыту барысында оқушының қатысымдық, эстетикалық, этикалық, қызметінің меңгеруін қамтамасыз ету;

- Оқушылардың көркем шығармалары оқуға деген қызығушылығын ояту;

- Қазақ әдебиетін терең білуге үйрету;

- Оқушыларды мәтінді түсініп, шапшаң және мәңгерлеп оқуға дағдыландыру; әдеби шығармаларды оқыту арқылы оқушылардың бойына ізгілік, имандылық, адамдық, мейірімділік сияқты адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру.

Орыс балаларына қазақ әдебиет пәнін жүргізуі - өте күрделі нәрсе. Бұған бірнеше себеп айтуға болады, оның ішіндегі ең маңыздысы:

1. Сағат санының азы. Жұмасына 45 минут әдебиет сабағына қатысып отырған бала, келесі жұмада естігенін ұмытып қалады.

2. Оқушыларды қоршаған тілдік орта. Бұл біздің ШҚО-ның, әсіресе Өскемен қаласының үлкен мәселесі, өйткені үйде де, мектепте де, далада да балалар тек орысша ғана сөйлеседі, сондықтан практика түрінде сабақтан алған білімін бала қолданбайды.

3. Бұл мәселе барлық жастарға тән – қазіргі жастардың әдеби шығармаларына деген қызығушылықтары жылдан жылға төмендеп барады, бұған себеп мектеп кітапханасындағы оқырмандардың жалпы саны.

Осы қиыншылықтарға қарамастан, әдебиет сабағын қалай қызықты, нәтижелі жүргізуге болатын сұрағына да жеттік.

Орыс сыныптарындағы қазақ әдебиеті пәнінде деңгейлік жұмыстар жүйесін дұрыс орындай білгенде ғана түпкі нәтижеге, яғни коммуникативтік біліктілікке жетуге болады. Әр мұғалім әдебиет сабағында міндетті түрде диалог жүргізеді. Диалогтық қарым-қатынаста оқу материалы диалогқа түсудің әрі құралы, әрі нысаны ретінде қолданылып, оқыту коммуникаивтік технология сипатына

ие болады. Диалогтық қарым-қатынас – екі я одан көп тұлғалардың тіл үйрену мақсатында сөйлесу, әңгімелесу, тіл қатысу үрдесі. Диалогтық қарым-қатынас оқытудың субъект-субъект қағидасының орындалу шарты ретінде де қаралады.

Өз тәжірибеммен бөлісетін болсам, әдебиет сабақтарында «сын тұрғысынан ойлау технологиясын» жиі қолданамын. Оның ішінде «Венн диаграмасын», «дөнгелек үстел», «Синквэйн», «Инсерт», эссе т.б. стратегиялары.

Мысалы 5-сыныптың бағдарламасындағы ұлы Абайдың «Қыс» өлеңін өткен кезде оқушыларға салыстырмалы ретінде орыс халқының ұлы жазушысы А.С.Пушкиннің «Зимний вечер» деп аталатын өлеңі ұсынылады. Оқушылар «Венн диаграммасын» құрып, екі жазушының қыс тақырыбындағы қандай ұқсастық және айырмашылық бар екенін анықтайды. Сондай кезде балалар Абайдың «Қысы» – «ақ киімді денелі шал ретінде көрсетілсе», Пушкин қысты «аңмен, баламен салыстырады (то как зверь она завоет, то заплачет как дитя).

Абайдың шығармашылығында үлкен орын алатын «Абайдың қара сөздері», оның ішінде «17 сөзін» өткен кезде сахналық қойылым арқылы ақынның басты ойын балаларға жеткізуге тырысамын (Сахнада қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті).

Сүйінбай Аронұлының «Жақсы мен жаман адамның қасиеттері» тақырыбын өткен кезде топтық жұмыс өткізу өте тиімді екенін байқадым. Сынып екі топқа бөлінеді, жребий бойынша топтың тапсырмасы анықталады. Әр топ адамның портретін салып, суретті шеңберге жібереді, ал топтағы әр бала оның айналдырысына адамның бір жақсы немесе жаман қасиетін жазады, соңында әр топ өз портретін сипаттайды.

7-сыныптағы Сакен Сейфулинін «Ананың хаты» өлеңімен танысқан кезде оқушыларға шығармашылық жұмыс орындауға тапсырма беріледі. Әр оқушы өз анасына хат жазып, ішінде өз сүйіспеншілігін, махаббатын, ілтипатын білдіру керек.

Жиренше шешендік өнерімен танысқанда сабақты «мәнерлеп оқу сайысы» ретінде өткіземін. Әр баланың сахнада өз-өзін ұстауы, жүріс-тұрысы, сөздерді анық, мәнерлеп айтқаны, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтылуы бағаланады.

Дүниеде не өлмейді?

Ағын судың өлгені,
 Алты ай қыста қатқаны.
 Асқар таудың өлгені,
 Басын бұлттың жапқаны.
 Ай мен күннің өлгені
 Еңкейіп барып батқаны.
 Қара жердің өлгені,
 Қар астында жатқаны...
 Дүниеде не өлмейді?
 Жақсының аты өлмейді!
 Ғалымның хаты өлмейді!

Мен өз сабақтарымда интерактивтік тақтаны қолдануға тырысамын. Өйткені ол – ақпараттық технологиялардың бірі. Сондықтан бұл тақтамен сабақты қызықты өткізуді ойластырып, жоспарлаймын, себебі қолда бар мүмкіндіктерді пайдалану арқылы оқушыларды жаңа заман технологиясымен жұмыс жасауға үйретеміз. Енді нақты орыс кластарындағы қазақ әдебиеті сабақтарына тоқталып өтейік. Мәселен, 5 класта әдебиетпен танысу халық ауыз әдебиетімен басталады. Бұл блокта оқушылар тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтелдер, ертегілер сияқты ауыз әдебиет үлгілерімен танысады. Оқушылардың мақалдарды түсініп, есте сақтауын қамтамасыз ету мақсатында интерактивті тақтаның көмегі зор. Мұғалім тақтаның сурет салу редакторы арқылы тақтада мақалдарды ребус түрінде береді, оқушылар сол ребустарды шешеді. Келесі сабаққа өздері де ребус ойлап тауып, тақтаға салып, басқа оқушылардың шешуін сұрайды. Немесе, ертегілерді басқа ұлт балалары бір оқығаннан түсіне алмайды, олар үшін интерактивті тақтаға таныс емес сөздерді жазып қойсақ, сол сөздермен сөйлем құрастырып, алдын-ала жұмыстар жүргізсек, онда ертегіні оқу барысында олар бұрын кезіккен қиындықтарға кезікпес еді. Бұл бір жағынан оқушылардың сөздік қорын да байытады, осы тақырыпқа деген қызығушылығын арттырады. Енді, поэзияға тоқтайтын болсақ, бұнда да ақпараттық

технологиялардың алар орны зор. Оқушыларды әуелі слайд көрсету арқылы өлең авторының өмір жолымен таныстырып, осы өлеңнің шығу тарихына ерекше тоқталып, өлең мазмұнын басқа ұлтты балаларға түсіндіріп, содан соң оқушыларға компьютер немесе теледидар арқылы өлеңді тыңдату оқушының жүрегінде әсер қалдыруы сөзсіз. Осындай жұмыс түрлері оқушылардың қазақ поэзиясына деген сүйіспеншілігін оятады.

Көршілес орыс елінің әдебиетінде Пушкин бар, бірақ «Пушкин жолы» атты шығарма жоқ, себебі оларда Мұхтар Әуезов жоқ. Ұлылық халықтың санында емес, оның тілінде. Рухани байлығымызды болашаққа жеткізу үшін ұлыларды сақтау керек. Сол үшін олардың өлмес туындыларын жастарға оқыту керек. Білім, ұлттық рух, отансүйгіштікке негізделу керек.

Ата-бабаларымыз қалдырған асыл мұра – даналық сөздер, мақал-мәтелдер, т.б. балалардың сөз қорларын молайтып, олардың рухани адамгершілік қасиеттерін байытады, эстетикалық танымын кеңейтеді және оқырмандық мәдениетін қалыптастырады.

Қорытындылай келе, өз әріптестеріме, әсіресе, әдебиет мұғалімдеріне, айтар сөзім:

Құрметті әдебиет мұғалімі!

Сіз бұл жолды таңдаған болсаңыз, демек сіздің рухани жан дүниеніз өте бай. Өзгелермен салыстырғанда, сіз даналы, данышпан, шыдамды, жігерлі адамсыз.

Сіздің күшіңіз, шыдамдылығыңыз және табандылығыңыз әрқашан жас ұрпақтың тәрбиесіне, жастарды Отансүйгіштікке, патриоттық сезімдерін оятуға, өз жерін, өз тілін, тарихын, салт-дәстүрін және әдебиетін сүюге бағытталсын. Шығармашылығыңыз жыл сайын өркендей берсін. Білімді шәкірттеріңіз көбее берсін!





Развитие исследовательских умений учащихся на курсах естественно – математического направления просоциализации

Жукова Т.В.,
Ананишникова О.В.

средняя школа №17 имени М. Ауэзова

Мақала оқушыларды ғылыми таным және іс-әрекет субъектісі ретінде дамуға баулумен байланысты қазіргі заман мектебінің өзекті мәселесіне арналған. Авторлар профильдік оқыту үрдісінде және мектеп ғылыми ұйымының іс-әрекетінде оқушылардың зерттеу біліктіліктерін дамыту тәжірибелерімен бөліседі.

The article is devoted to the problem of the modern school related to involving students in scientific ways of learning and developing pupil's personality as subjects of activities. The authors share their experience in developing research skills of pupils in the process of professional education and activities of students' scientific society.

Если человек в школе не научится творить, то и в жизни он будет только подражать и копировать.

Л.Н. Толстой.

Одна из главных задач современной школы состоит в том, чтобы привить учащимся умения, позволяющие им активно включаться в творческую, исследовательскую деятельность, содействовать формированию и развитию исследовательских навыков и умений учащихся, что согласуется с требованиями ГОСО-2010 года.

Тема развития исследовательских навыков является очень актуальной в настоящее время. В Послание президента «Построим будущее вместе» Нурсултан Абишевич Назарбаев подчёркивает, что «фундаментальные предметные знания являются обязательной, но недостаточной целью образования. Необходима, модернизация образования. Выпускники школ должны уметь самостоятельно добывать, анализировать, структурировать и эффективно использовать информацию для максимальной самореализации и полезного участия в жизни общества».

Однако чаще всего в школе большая часть знаний преподносится в готовом виде и не требует дополнительных поисковых усилий, и основной трудностью для учащихся является самостоятельный поиск

информации, добывание знаний. Поэтому одним из важнейших условий повышения эффективности учебного процесса является организация учебной исследовательской деятельности и развитие её основного компонента – исследовательских умений, которые не только помогают школьникам лучше справляться с требованиями программы, но и развивают у них логическое мышление, создают внутренний мотив учебной деятельности в целом.

На протяжении многих десятилетий ученые и практики ведут интенсивный поиск наиболее эффективных путей и способов разрешения противоречия между достаточно предписанным содержанием обучения, заданными формами организации образовательного процесса и необходимостью развития индивидуальности учащихся, их творческого потенциала и самостоятельности, в том числе в познавательной деятельности (В.И. Андреев, В.В. Давыдов, Л.В. Занков, П.И. Пидкасистый, Ю.В. Сенько, Д.Б. Эльконин). Но конкретных практических рекомендаций, прямо ориентированных на развитие исследовательских умений учащихся, пока явно недостаточно.

Исследовательская деятельность школьников – не альтернатива школьной программе, это скорее тот «витамин» интереса к науке, которого часто не хватает школе. В ученической среде в настоящий момент четко прослеживается повышение интереса к исследовательской деятельности. Этому способствует научное общество учащихся – школьная организация, состоящая из учащихся 5-11-х классов, занимающихся индивидуальной проектной деятельностью при помощи и поддержке научных руководителей.

Цели школьного научного общества:

- выявление у учащихся способностей к оригинальному, нестандартному решению творческих задач;

- привлечение учеников к исследовательской деятельности и развития их творческих способностей;

- формирование аналитического и критического мышления учащихся в процессе творческого поиска и выполнения исследований;

- содействие в профессиональной ориентации;

- развитие у учеников целеустремленности и системности в деятельности;

- самоутверждение учащихся благодаря достижению поставленной цели и публикации полученных полезных результатов.

В средней школе №17 в течение 7 лет существует научное общество учащихся «Новая волна». Проанализировав деятельность и результативность НОУ, администрация школы выделяет ряд проблем:

- не все учащиеся входят в состав секций НОУ и могут подробно познакомиться с основами исследовательской деятельности;

- нет систематического развития исследовательских умений;

- нет определённой методики развития исследовательских умений учащихся;

- данная работа не дифференцирована, проводится без учёта уровня учащихся, доступна только сильным ученикам.

- продукт исследовательской деятельности – индивидуальный проект – могут создать и защитить единицы.

В 2008-2009 учебном году были введены некоторые преобразования в организацию работы НОУ. Были сформулированы конкретные задачи на новый учебный год с

учётом предпрофильной и профильной подготовки учащихся. Основная задача, которую поставил для себя педагогический коллектив – создать условия развития исследовательских навыков абсолютно у каждого учащегося, с учётом возрастной группы и вида обучения профильного или предпрофильного в рамках курсов по выбору и прикладных курсов.

Для успешной реализации поставленной задачи была создана творческая группа учителей, которая работала над созданием авторских и модифицированных программ, способствующих развитию исследовательских умений учащихся.

Администрацией средней школы №17 была организована и проведена большая подготовительная работа с педагогическим коллективом. Это организация и проведение методической учёбы «Современные технологии, способствующие развитию исследовательских навыков учащихся»; педсовет «Возможности развития исследовательских навыков учащихся и учителей»; администрация школы проводила индивидуальные консультации по созданию авторских и модифицированных программ курсов по выбору и прикладных курсов. Некоторые учителя прошли курсовую переподготовку, где были рассмотрены вопросы профильной и предпрофильной подготовки учащихся, а также организация исследовательской деятельности в школе.

С целью совершенствования исследовательских умений нами была разработана и внедрена на практике структура исследовательской деятельности учащихся. Организация исследовательской деятельности осуществляется по трём возрастным группам. В рамках предпрофильной подготовки: в начальном звене – клуб «Юных исследователей»; в среднем звене – клуб «Жас ғалым»; в рамках профильного обучения в старших классах – академия наук «Поиск».

В соответствии с разработанной структурой (рисунок 1) на первом этапе развитие исследовательских навыков учащихся проходит в виде коллективной работы. Целью является знакомство с основами исследовательской деятельности, повышение мотивации у учащихся к развитию исследовательских навыков в рамках курсов по выбору и прикладных курсов.

На втором этапе совершенствование

исследовательской деятельности учащихся проходит в рамках научных секций. Секции созданы с учётом желаний и возможности учащихся. В научном обществе учащихся средней школы №17 действуют четыре научные секции, руководителями которых являются учителя. Все члены научного общества принимают активное участие в организации школьных интеллектуальных марафонов, конкурсов, праздников. Создают мини-проекты, учатся выступать, публично представляя свои образовательные продукты.

На третьем этапе – развитие одарённости – уделяется особое внимание подготовке индивидуальных научных проектов учащихся, подготовке к олимпиадам, на уровне города и области.

Все курсы по выбору и прикладные курсы

в средней школе №17 относятся к естественно-математическому направлению. Не для кого ни секрет, что предметы именно этого направления вызывают больше всего трудностей в освоении учащимися. Мотивация по предметам математика, физика, химия, география, информатика снижается у учащихся с каждым годом, особенно в старших классах. Следует отметить и снижение качества знаний по данным предметам. В средней школе №17 была проанализирована статистика за несколько лет, 70-80% выпускников выбирают предмет по выбору: физика или география; 93% выпускников необходимы знания компьютерных программ, необходимо в совершенстве владеть информационными технологиями.




рисунок 1 - Структура организации исследовательской деятельности учащихся

В начальном и среднем звене развитие исследовательских навыков осуществляется на следующих курсах по выбору: «Заповедники и национальные парки Казахстана», «В мире науки», «Бизнес-математика», «Занимательная математика», «Экономика для школьников» - интегрированные курсы с компьютерной поддержкой, где организуется и проводится индивидуальная работа с учащимися с использованием лабораторных работ.

Основные технологии, которые применяются учителями при преподавании данных курсов: информационно-коммуникационные технологии, технология индивидуально-дифференцированного

обучения, метод проектов, технология критического мышления. Основные методы: частично поисковый, поисковый.

Все программы утверждены на КЭС ГорОО. Учителя средней школы №17 приняли участие в городском конкурсе авторских программ курсов по выбору и прикладных курсов с компьютерной поддержкой, организованной Ресурсным Центром. Программа курса «Заповедники и национальные парки Казахстана» заняла 3 место, учитель Трубецкая О.К; в областном конкурсе авторских программ курс «Бизнес-математика» – 1 место учитель Ананишников О.В.

В старшем звене развитие

исследовательских навыков осуществляется на прикладных курсах. В средней школе №17 сохраняется преемственность, и с 2009 года профильное обучение осуществляется по трём профилям (таблица 1):

- Информационно-математический профиль с углубленным изучением английского языка;
 - Информационно-экономический профиль;
 - Информационно-географический.
- В каждом профиле один из прикладных

курсов интегрирован с информатикой - занятия проводятся с компьютерной поддержкой. Основные технологии, применяемые на занятиях: метод проектов, технология дебатов, ИКТ, технология критического мышления, технология индивидуально-дифференцированного обучения. Прикладной курс «Мультимедийные технологии» занял призовое место в городском конкурсе авторских программ с компьютерной поддержкой.

Таблица 1. Профили и соответствующие прикладные курсы в средней школе №17 в 2009-2010 учебном году

| профиль | класс | Название прикладного курса | учитель | программы |
|--|--------|---|------------------------------------|------------------|
| информационно - математический профиль с углубленным изучением английского языка | 10 «А» | Решение тригонометрических уравнений и неравенств. | Тарабановская Е.П. | модифицированная |
| | | Практическая грамматика английского языка | Коршунова Г.В. Жумагалиева А.Ж. | авторская |
| | | Мультимедийные технологии (с компьютерной поддержкой) | Тарабановская Е.П. Королёв В.М. | авторская |
| Информационно-экономический профиль | 10 «Б» | Решение тригонометрических уравнений и неравенств. | Тарабановская Е.П. | модифицированная |
| | | Экономика и право | Тормашова И.В. | Модифицированная |
| | | Рекреация и туризм ВКО (с компьютерной поддержкой) | Смирнова М.И. | модифицированная |
